ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

МЕНДИГАЛИЕВ МЕРГЕН УМИРБЕКОВИЧ

Әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру

7М12301-«Құқық қорғау қызметі» (бейіндік бағыт, сондай-ақ қашықтан оқытуды қолдану арқылы) білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға жоба

Ғылыми жетекші:
жалпы заң пәндері
кафедрасының доценті
Р.А. Амерханов,
заң ғылымдарының кандидаты,
кіші әділет кеңесшісі
_____

Қосшы қ., 2026 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл зерттеу жұмысында әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселелері қаралған.

Магистерлік жобада Қазақстанның инвестициялық ахуалының қазіргі жай-күйі, даму үрдістері және инвестициялық заңнаманың даму тарихы талданған. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын негізгі әкімшілік кедергілер мен тосқауылдар айқындалып, олардың инвесторлар қызметіне әсері бағаланған.

Зерттеу нәтижесінде әкімшілік рәсімдерді оңайлату, инвестициялық қызметті жетілдіру және инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту бойынша ұсыныстар әзірленген. Сонымен қатар, инвестициялық қызмет саласында туындайтын әкімшілік кедергілерді жүйелі түрде айқындау, мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратура органдарының қатысуымен оларды төмендету бойынша дәйекті іс-қимылдар тізбегін қалыптастыру мақсатында алгоритм дайындалған.

Магистерлік жобаның қорытындалары инвестициялық саясатты жетілдіруде және құқық қорғау органдарының қызметінде қолданылуы мүмкін.

РЕЗЮМЕ

В данной исследовательской работе рассматриваются вопросы повышения инвестиционной привлекательности Республики Казахстан путем снижения административных барьеров.

В магистерском проекте проанализировано текущее состояние инвестиционной среды Казахстана, тенденции развития и история развития инвестиционного законодательства. Выявлены основные административные барьеры и препятствия, возникающие при реализации инвестиционных проектов, а также оценено их влияние на деятельность инвесторов.

По результатам исследования разработаны предложения по упрощению административных процедур, совершенствованию инвестиционной деятельности и укреплению механизмов защиты прав инвесторов. Кроме того, для систематического выявления административных препятствий, возникающих в сфере инвестиционной деятельности, и формирования последовательного комплекса действий по их снижению с участием государственных органов, в том числе органов прокуратуры, был подготовлен Алгоритм.

Выводы и заключения магистерского проекта могут быть использованы при совершенствовании инвестиционной политики и в деятельности правоохранительных органов.

SUMMARY

This research paper examines the issues of increasing the investment attractiveness of the Republic of Kazakhstan by reducing administrative barriers.

The master's project analyzes the current state of Kazakhstan's investment environment, development trends, and the history of investment legislation. The main administrative barriers and obstacles arising during the implementation of investment projects are identified, as well as their impact on investors' activities assessed.

Based on the research results, proposals have been developed to simplify administrative procedures, improve investment activities, and strengthen mechanisms for protecting investors' rights. In addition, to systematically identify administrative obstacles arising in the field of investment activity and to form a consistent set of measures to reduce them with the participation of state bodies, including prosecutorial bodies, an Algorithm was prepared.

The conclusions and findings of the master's project can be used in improving investment policy and in the activities of law enforcement agencies.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....5

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....6

КІРІСПЕ.....7

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ
1.1 Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалдың жай-күйі мен даму үрдістерін талдау.....11
1.2 Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері және әкімшілік кедергілер.....16

2 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ АСПЕКТІЛЕР
2.1 Инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің халықаралық және шетелдік тәжірибесі.....25
2.2 Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етудегі прокуратура органдары қызметінің құқықтық негіздері.....36

ҚОРЫТЫНДЫ.....49

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....52

ҚОСЫМША.....58

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы жобада мынандай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды.
2. Прокуратура туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы №155-VII ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ.
6. Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығы.
7. Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы №1042 Жарлығы
8. Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы №1125 Жарлығы.
9. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы №868 қаулысы. *(Күші жойылды)*
10. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №1185 қаулысы.
11. Инвестициялар туралы келісімдерді жасасу, өзгерту және бұзу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2023 жылғы 17 наурыздағы №11-1-4/113 бұйрығы
12. Инвесторлар үшін «бір терезені» ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №11-1-4/327 бұйрығы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
АПК	Азаматтық процестік кодекс
ӘҚБтК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
НҚА	нормативтік құқықтық акт
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ЕО	Еуропалық Одақ
БАӘ	Біріккен Араб Әмірлігі
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ЕЭА	еркін экономикалық аймақ
СДТБТ	Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Қазақстандағы басым бағыттарының бірі – инвестициялық қызметті жетілдірумен түсіндіріледі. Экономиканың жаһандануы және халықаралық ынтымақтастықтың кеңейуін бүгінгі күні бір елден басқа елге капиталдың қозғалысы арқылы қамтамасыз етеді.

Шетелдік инвестицияларды тартудың тиімділігі – оларды экономиканың өсу қарқынын арттыруға, өндірістік процесті жаңғыртуға және жұмыс орындарын көбейту мүмкіндігімен анықталады.

Ғылыми әдебиеттерде инвестициялық қызмет кез келген мемлекеттің экономикалық өсуінің маңызды шарты екені атап көрсетіледі. Ал ҚР үшін инвестициялық тартымдылықты арттыру дамудың негізгі арналарының бірі болып саналады [1, 81 б.]. Бұл тұжырым егемендік алған күннен бастап инвестицияларды тарту, осы саладағы заңнаманы жетілдіру және әкімшілік кедергілерді азайту мәселелеріне ерекше көңіл аударылғанын растайды.

Сонымен қатар, тақырыптың көкейкестілігін Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев өз Жолдауында айқындалған мемлекеттік саясат басымдықтары да қуаттайды. Аталған Жолдауда қазіргі жағдайда инвестицияларды тарту мемлекеттің кезек күттірмейтін міндеті екені ерекше атап өтілді. Сонымен бірге «инвесторлармен өзара іс-қимыл жасаудың қолданыстағы жүйесі әлі де күрделі болып қалып отырғаны, бюрократия мен функциялардың қайталануын туындататыны» [2] көрсетілді. Мемлекет басшысы «инвестицияларды тарту жүйесін түбегейлі жаңартудың, құқықтық базаны жетілдірудің, заңнаманы кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне бейімдеудің, сондай-ақ бизнес үшін елеулі кедергі болып отырған бюрократиялық рәсімдерді қысқартудың қажеттігін» [2] атап өтті.

Бұл бағдарлар ҚР-дың инвестициялық ахуалын, инвестициялық қызметтің құқықтық негіздерін және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды талдауға арналған зерттеудің тақырыбымен тікелей байланысты.

Ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей, тіпті дамыған нормативтік база болғанның өзінде де инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеудің мінсіз жүйесіне қол жеткізу іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан мемлекет пен инвестор мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін оңтайлы үлгі қалыптастыруға мемлекетіміз ұмтылуы тиіс.

Осыған байланысты кейбір ғалымдардың ойынша, «инвестициялық жобаларды іске асыруға кедергі келтіретін және ҚР-дың инвестициялық ахуалына теріс әсер ететін әкімшілік тосқауылдарды төмендету мәселесі ерекше өзектілікке ие» [3] болып отыр.

Шешілетін практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Инвестициялық және кәсіпкерлік құқық, шетелдік инвестицияларды құқықтық

реттеу, инвестициялық ахуал және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері қазақстандық, ресейлік заң ғылымында кеңінен зерттелуде.

Қазақстанда бұл мәселелерді Ж.С. Елюбаев, С.П. Мороз, Т.Е. Қаудыров, М.К. Сүлейменов және басқа да ғалымдар өз еңбектерінде зерттеген. Ресейлік заң ғылымында инвестициялық қызметті және инвесторларды қорғау кепілдіктерінің жекелеген аспектілерін Н.Г. Доронина, Н.Г. Семилютина, М.А. Семочкина және басқа да авторлар қарастырған.

Сонымен қатар, зерттеу үшін тек жалпы теориялық еңбектер ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның құқық қорғау және сот органдары жүйесінде дайындалған жұмыстар да маңызды сипатқа ие болады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша материалдар жарияланған. Оның ішінде Н.С. Алпысов, Б.Ж. Сағымбеков, Ж.Р. Сарпековтың еңбектері, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы Н.А. Сүлейменовтың оқу-анықтамалық басылымы жарық көрген. Бұл зерттеулердің маңызы – олардың мәселені тек ғылыми емес, сонымен бірге практикалық тұрғыдан да көрсетуінде болып отыр.

Ғылыми және қолданбалы жұмыстардың едәуір санының болуына қарамастан, ҚР-дағы инвестициялық қызметтің дәл экономикалық-құқықтық аспектілерін кешенді түрде зерттеу қажеттілігі әлі де сақталып отыр.

Сондықтан, бұл магистерлік жобаның бұған дейін жүргізілген зерттеулерден басты айырмашылығы – оның ҚР-дың инвестициялық заңнамасын жетілдіру, әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және республикамыздың инвестициялық тартымдылығын арттыру жағдайында жазылуында.

Зерттеу мақсаты – ҚР-дағы инвестициялық қызметтің экономикалық-құқықтық аспектілерін кешенді ғылыми сараптамаға салу. Оның ішінде инвестициялық ахуалдың жай-күйі мен даму үрдістерін, инвестициялық қызметтің құқықтық негіздерін және әкімшілік тосқауылдарды зерттеу. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында оларды төмендету жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып саналады.

Аталған мақсатқа жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау көзделеді:

- ҚР-дың инвестициялық ахуалының жай-күйі мен даму үрдістеріне шолу жасау;
- ҚР-дағы инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері мен әкімшілік кедергілерін анықтау;
- инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің халықаралық және шетелдік тәжірибесін талдау;
- Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етудегі прокуратура органдары қызметінің құқықтық негіздеріне баға беру;

- әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша практикалық ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеу объектісі болып ҚР-дағы инвестициялық қызмет саласында туындайтын қоғамдық қатынастар табылады.

Зерттеу пәнін инвестициялық қызметті реттейтін ұлттық заңнамасы, оларды қолдану практикасы және инвесторлардың құқықтарын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері құрайды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері қамтиды. Атап айтқанда талдау, формальды-заңдық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, жүйелі-құрылымдық және формальды-логикалық әдіс-тәсілдері құрады. Аталған әдістерді қолдану инвестициялық қызметті нормативтік негізін де, оны іске асырудың практикалық аспектілерін де қамтитын кешенді экономикалық-құқықтық құбылыс ретінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ҚР-дың инвестициялық тартымдылығына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде алғаш рет әкімшілік тоскауылдарды экономикалық-құқықтық талдау тұрғысынан кешенді қарастыруында жатыр.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – қамтылған қорытындылар мен ұсынымдардың инвестицияларды тарту және сүйемелдеу саласында уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметінде, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру кезінде, сондай-ақ оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдаланылуы мүмкін.

Практикалық ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2025 жылғы 18 наурыздағы №36 бұйрығымен бекітілген, инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу және шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді және оны келісуден бас тартуға шағымдануды прокурормен келісу қағидаларын 73-тармақпен толықтыру. предлагаемую норму в редакции

2. ҚР ӘҚБтК-нің 173-бабын 3-бөлікпен толықтыру.надо добавить обоснование и предлагаемую норму в редакции

3. Инвестициялық қызмет саласында туындайтын әкімшілік кедергілерді жүйелі түрде айқындау, оларды құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан бағалау мақсатында дайындалған алгоритмді ұсыну (қосымша 1).

Апробация және нәтижелерін енгізу. Жүргізілген зерттеу нәтижелері «Инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің халықаралық тетіктері» тақырыбында ғылыми мақалада жарияланды. Сондай-ақ алгоритм нысаны практикалық қызметке енгізілді. Бұл туралы тиісті енгізу актісі бар (қосымша 2).

1 Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметтің экономикалық-құқықтық аспектілері

1.1 Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалдың жай-күйі мен даму үрдістерін талдау

ҚР үшін инвестициялық ахуалдың жағдайы маңызды сипатқа ие. Себебі инвестициялар экономиканың тұрақты өсуінің және әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болудың факторы ретінде қарастырылады. Мемлекетіміз өндірістік әлеуетке бай болғандықтан, біз үшін инвестициялар ағымы тек қаржылық көзі ғана емес. Сонымен қатар инфақұрылымды дамыту, жаңа өндіріс орындарын ашу, халықты жұмыспен қамту тетігі болып табылады.

Қазақстанның экономикалық өсуі үшін инвестициялардың маңыздылығы, олардың өндірістік базаны кеңейтуді, заманауи технологияларды енгізуді және жаңа салаларды дамытуды қамтамасыз етуінен де көрінеді.

Дүниежүзілік банк Қазақстан бойынша экономикалық шолуда «2025 жылдан кейін өсу қарқыны сақталып отырған төмен өнімділікпен және инвестициялардың төмендеуімен тежелуі мүмкін екенін атап өтті. Бұл мәселе экономиканы әртараптандыру және өсудің жаңа драйверлерін қалыптастыру қажеттігін атап көрсетеді. Қазақстан Ұлттық Банкі өз кезегінде 2026 жылы экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі – ішкі сұраныс болып қалатынын» [4] көрсетті. Оның динамикасы айтарлықтай дәрежеде инвестициялық белсенділікке негізделеді.

Жоғарыда атап өткендей, инвестициялық саясат мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Өйткені ол арқылы бизнесті жүргізу және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар қалыптасады. Тиімді инвестициялық саясат мемлекетке капиталды тартып қана қоймай, оны экономиканың басым секторларына бағыттауға, қайта өңдеу өнеркәсібін, инфрақұрылымды дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

OECD атап өткендей, «Қазақстан 2024 жылы IMD Әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 35-ші орынға ие болды. Осы рейтингке енгізілген жалғыз Орталық Азия елі болды. Бұл жекелеген құрылымдық шектеулер сақталғанымен, елде белгілі бір бәсекелестік әлеует бар» [5] екендігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан экономиканы жаңғыртуға, өндірістің жаңа бағыттарын дамытуға, іскерлік белсенділікті арттыруға және инвесторлар үшін жағдайларды жақсартуға ұмтылуда.

Дегенмен, сыртқы экономикалық факторлардың, оның ішінде әлемдік экономиканың тұрақсыздығы мен халықаралық инвестициялық ағындардың өзгеруінің әсері сақталуда. Мұндай жағдайда, инвестициялық ахуалдың жай-күйін зерттеу ерекше маңызға ие болады. Өйткені ол инвестициялық қызметтің қазіргі

жағдайын объективті бағалауға, оның осал жақтары мен артықшылықтарын анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық саясатты одан әрі жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, инвестициялық ахуал Қазақстан үшін маңызды стратегиялық мәнге ие. Өйткені ол экономикалық өсумен және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін нығайтумен тікелей байланысты.

Сондықтан оны талдау инвестициялық қызметті зерттеудің қажетті бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Бұл құқықтық реттеудің мазмұны мен қабылданатын мемлекеттік шаралардың тиімділігін ғана емес. Сонымен бірге мемлекеттің инвесторлар үшін тұрақты, түсінікті және қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан экономикасының дамуындағы инвестициялық ахуалдың рөлі мен маңызын сипаттағаннан кейін оның түсінігі мен мазмұнын тоқталған жөн. Бұдан, өз кезегінде, инвестициялық қызметке нақты қандай жағдайлар әсер ететінін және инвестициялық ахуал мемлекеттің іскерлік жай-күйінің маңызды көрсеткіші ретінде неге қаралатынын жақсы түсінуге болады.

Ғылыми әдебиеттерде қарастырылып отырған түсінік әртүрлі жолдармен ашылады. Бірақ тұтастай алғанда ол инвестор үшін қоршаған ортаның қолайлылығын анықтайтын жағдайлар жиынтығымен байланысты болады.

Сонымен, экономикалық және құқықтық әдебиеттерде «инвестициялық ахуал – инвестордың капиталды инвестициялау туралы шешім қабылдауына әсер ететін экономикалық, құқықтық, саяси, ұйымдастырушылық және әлеуметтік жағдайлардың жиынтығы» [6, 19 б.] ретінде анықталады.

В.В. Литвинова «инвестициялық климатты инвестициялық тартымдылық категориясы арқылы қарастырады және оны оның динамикалық аспектісі деп түсінуге болатындығын, яғни бір уақыт аралығында емес, ұзақ уақыт ішінде дамуда бағаланатын инвестициялау жағдайларының жай-күйі ретінде көрсетеді. Бұл тәсіл инвестициялық климат бір реттік сипаттама емес, уақыт өте келе қалыптасатын тұрақты жағдайлар жүйесі» [7, 142 б.] екенін көрсетеді.

И.Р. Хисматулин мен О.А. Игнатьеваның пікірінше, «инвестициялық климат «бұл аймақтың негізгі капиталына инвестицияларды тарту ауқымын, көлемін және қарқынын анықтайтын әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, табиғи, экологиялық, саяси және басқа жағдайлардың бірнеше жылдар бойы қалыптасқан жиынтығы» [8, 3 б.].

В.А. Джиоев «инвестициялық ахуалды инвестициялық процестерге әсер ететін және мемлекеттік және экономикалық қызметтің әсерінен өзгеруі мүмкін экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа факторлардың байланысы» [9, 120 б.] ретінде анықтайды. Бұл түсінік инвестициялық климаттың объективті жағдайларға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару мен жүргізіліп жатқан саясаттың сапасына тәуелділігін баса көрсететіндігімен құнды.

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдамаларды қорытындылай келе, инвестициялық ахуал дегеніміз – бұл инвестициялық қызмет жүзеге асырылатын және инвесторлардың қызығушылығына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, табиғи-географиялық, саяси-құқықтық және басқа да факторлардың жиынтығы.

Қазақстан үшін инвестициялардың стратегиялық маңызы зор. Себебі біздің еліміздің экономикасы қызметтің барлық салаларын дамыту үшін үнемі қосымша капитал тартуды қажет етеді.

Біріншіден, инвестиция – бұл сөзсіз экономикалық өсу. Жоғарыда біз, олардың арқасында өндірісті кеңейтіп, заманауи технологиялар енгізіп, халықты жұмыспен қамту бойынша әрекеттердің артып келе жатқанын айтқан болатынбыз.

Екіншіден, инвестициялар экономиканы қайта жаңғартуға ықпал етеді. Қазақстан үшін бұл да өте маңызды. Сол себепті мемлекет әрқашан да болашағы зор бағыттарды дамытуға ат салысады.

Үшіншіден, инвестициялық ахуалдың мемлекеттің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттігіне тікелей әсер етуі сөзсіз. Инвесторларға арналған жағдайлар неғұрлым тұрақты, қауіпсіз болса, мемлекетке деген сенім соғұрлым жоғары болады.

ҚР-дың инвестициялық ахуалының қазіргі жағдайы, бір жағынан оң нәтижелермен, екінші жағынан әлі шешілмеген мәселелермен сипатталады. Географиялық орналасудың арқасында, Қазақстан Орталық Азияда инвестициялар тарту бойынша жетекші орынды сақтап отыр. Осылайша, ЭЫДҰ бағасына сәйкес, Қазақстан сауда мен инвестициялардың маңызды торабы болып қала береді [10].

Инвестициялық саланың ағымдағы жағдайын бағалай отырып, тікелей шетелдік инвестициялардың көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестицияларды да ескеру қажет.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, «2025 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 15 955, 8 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,1 пайызға артық» [11].

Сонымен қатар, соңғы жылдары шетелдік инвестициялармен жағдай күрделі болып қалуда. БҰҰ Сауда және даму мекемесінің бағалауы бойынша 2024 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың көрсеткіштері төмендегенін атап өткен жөн [12, 5 б.].

Соңғы уақытта біздің еліміздегі инвестициялық қызмет тұрақты оң динамиканы көрсетуде. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, «2025 жыл қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 22,7 трлн теңгені құрады. Бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 13%-ға жоғары» [13]. Бұл өсім әлемдік экономиканың тұрақсыздығына қарамастан инвестициялық белсенділіктің сақталуын айғақтайды.

2025 жылы инвестициялардың ең жоғары өсуі қаржылық және сақтандыру қызметінде тіркелді. Онда көлемі 88,4%-ға өсті. Энергетика, көлік және қойма, ауыл шаруашылығы, құрылыс және жылжымайтын мүлік операциялары салаларында да айтарлықтай өсім байқалады.

2025 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке тиесілі болды. «Тау-кен өнеркәсібі мен өңдеу секторын қоса-нда 37,2%. Сондай-ақ, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 19,1%. Көлік және қоймалау – 18,2%, білім беру – 6,9% және ауыл шаруашылығы – 5,7% елеулі бөлігін құрады» [13]. Бұл ретте еліміздің барлық капитал салымдарының едәуір бөлігін құрайтын Астана және Алматы қалалары инвестициялық белсенділіктің ірі орталықтары болып қала береді.

Айта кету керек, Қазақстанның инвестициялық дамуы үшін көлік логистика саласы ерекше маңызға ие. Елдің сәтті географиялық орналасуы оның Орталық Азияның негізгі транзиттік буыны ретіндегі рөлін күшейтеді. Қазақстан көлік инфрақұрылымын, теміржол жолдары мен порт мүмкіндіктерін белсенді дамытуда. Бұл жағдай осы сектордың инвестициялық тартымдылығының өсуіне ықпал етеді.

Инвестициялық белсенділіктің маңызды көрсеткіші тікелей шетелдік инвестициялардың динамикасы болып табылады. 2025 жыл қорытындысы бойынша «Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 20,5 млрд АҚШ долларын құрады. Өткен жылғы көрсеткіштен 14,4%-ға жоғары. Бұл ретте инвестициялардың едәуір бөлігі мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларында шоғырлануды жалғастыруда. Бұл көрсеткіш экономиканың шикізаттық бағытының сақталғанын көрсетеді» [13].

Оған қоса соңғы жылдары Қазақстан экономиканың шикізаттық емес салаларына инвестициялар ағынын ынталандыру бойынша шаралар қабылдауда.

Атап айтқанда өңдеу өнеркәсібін, цифрлық технологияларды, агроөнеркәсіптік кешенді, «жасыл» энергетика мен логистиканы дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Сарапшылардың пікірінше, «2025 жылы өңдеу өнеркәсібінде 3,2 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны тіркелді» [14].

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру процесі инвестициялық ахуалға айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда электрондық мемлекеттік қызметтер белсенді енгізілуде. Рұқсат беру рәсімдері автоматтандырылуда және «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларды сүйемелдеу тетігі жетілдірілуде. Бұл әкімшілік шығындарды қысқартуға, рәсімдердің ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары ҚР-дың инвестициялық ахуалын дамытуда қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыру және халықаралық қаржы жүйесіне кіруі мақсатында құрылған АХҚО маңызды рөл атқарады. АХҚО ағылшын жалпы құқығының қағидаттары негізінде жұмыс істейді. Сондай-ақ инвесторларға

капиталды қорғаудың және инвестициялық дауларды шешудің халықаралық стандарттарына бағдарланған арнайы құқықтық режимді ұсынады.

2025 жылғы жағдай бойынша «АХҚО юрисдикциясында халықаралық қаржы ұйымдарын, инвестициялық қорларды, финтех-компанияларды, криптобиржаларды және трансұлттық корпорацияларды қоса алғанда, әлемнің 85 елінен 4000-нан астам компания тіркелген. АХҚО экожүйесіне қатысушылар арасында KPMG, Deloitte, EY, PwC, Binance, Bybit, China Construction Bank және басқа да ірі халықаралық компаниялар бар» [15].

АХҚО халықаралық капиталды тарту үшін ерекше маңызға ие. 2025 жыл қорытындысы бойынша «АХҚО алаңы арқылы Қазақстан экономикасына шамамен 6 млрд АҚШ доллары инвестиция тартылды. Бұл өткен жыл көрсеткіштерінен 3 млрд долларға артық. АХҚО арқылы тартылған инвестициялардың жалпы көлемі құрылған сәттен бастап 20 млрд АҚШ долларынан асты» [15].

Инвестициялық жобаларды «бір терезе» қағидаты бойынша сүйемелдеуді жүзеге асыратын «Kazakh Invest» ұлттық компаниясының маңызды рөлін атап өтпеуге болмайды. «Компанияның негізгі міндеті – шетелдік инвестицияларды тарту, жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде инвесторларды сүйемелдеу, сондай-ақ әкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Соңғы жылдары «Қазақстанда инвесторларды цифрлық сүйемелдеу тетігі белсенді дамып келеді. Атап айтқанда, ұлттық цифрлық инвестициялық платформа енгізілуде. «One-stop shop» тетігі жетілдірілуде, «жасыл дәліз» жүйесі іске асырылуда. Инвесторлар өтініштерінің бірыңғай тізілімі қалыптастырылуда және өңірлік инвестициялық бағдарламалар әзірленуде» [16]. Бұл шаралар әкімшілік рәсімдерді қысқартуға, инвесторлардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының ашықтығын арттыруға және бюрократиялық жүктемені азайтуға бағытталған.

АХҚО шеңберінде жасыл облигациялар мен тұрақты қаржыландыру нарығы белсенді дамып келеді. Тиісінше, әлемдік экономиканы трансформациялаудың жаһандық үрдістеріне сәйкес келеді.

Алайда жүргізіліп жатқан реформаларға және инвесторларды қолдаудың институционалдық тетіктерінің дамуына қарамастан, инвестициялық салада келісу рәсімдерінің күрделілігіне, ведомствоаралық өзара іс-қимылға, инфрақұрылымдық шектеулерге және құқық қолдану практикасының гетерогенділігіне байланысты жекелеген әкімшілік кедергілер әлі де сақталуда.

Осыған байланысты инвестициялық ахуалды одан әрі жетілдіру нормативтік базаны дамытуды ғана емес, сонымен қатар әкімшілік рәсімдердің тиімділігін арттыруды және мемлекеттік басқаруды цифрландыруды талап етеді.

Сонымен, жүргізілген талдау қазіргі ҚР-дың инвестициялық ахуалы оң үрдістер мен тұрақты жүйелік проблемалардың үйлесімімен сипатталатынын

көрсетеді. Бір жағынан, мемлекет шетелдік және ішкі инвестицияларды тартуға, инвестициялық саясатты жетілдіруге, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге бағытталған дәйекті шаралар қабылдауда.

ҚР инвестициялық ахуалының қазіргі жай-күйін сипаттай отырып, институционалдық өзгерістерді ескеру өте маңызды. Осылайша, елімізде инвесторларды сүйемелдеу тетіктерін жетілдіру, әкімшілік рәсімдерді цифрландыру және жекелеген процестерді оңайлату бойынша жұмыстар жалғасуда. Яғни, ҚР инвестициялық жағдайын тұтастай алғанда тұрақты, бірақ аздап осал тұстары бар деп сипаттауға болады деген тұжырым жасауға болады.

1.2 Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері және әкімшілік кедергілер

ҚР-дағы инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері егемендік алғаннан кейін бірнеше кезең арқылы қалыптасты.

Бұл эволюция мемлекеттің экономикалық саясатының өзгеруімен, шетел капиталын тарту қажеттілігімен, ұлттық құқықтық жүйенің дамуымен және кейіннен инвестициялық қызметті кәсіпкерлік заңнама шеңберіне кіріктірумен тікелей байланысты болды.

Сондықтан инвестициялық қызметтің құқықтық негіздерін талдау кезінде тек қолданыстағы нормаларды ғана емес, олардың тарихи қалыптасу қисынын да көрсету маңызды.

Мұндай тәсіл инвестициялық заңнаманың қай бағытта дамығанын, қандай институттар сақталғанын, қайсысы өзгергенін және қазіргі құқықтық модельдің қандай ерекшеліктері бар екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде мемлекет үшін басты міндеттердің бірі ұлттық экономикаға сыртқы капитал тарту. Сондай-ақ өндірістік құлдырауды тежеу және жаңа шаруашылық тетіктерін қалыптастыру болды.

Осы жағдайда инвестициялық қызметті құқықтық реттеу тек формальды заң шығару мәселесі емес. Сонымен бірге экономиканы институционалдық тұрғыдан қайта құру құралына айналды.

Сондықтан инвестициялық заңнаманың әрбір тарихи кезеңі мемлекеттің сол уақыттағы экономикалық басымдықтарын, саяси таңдауларын және құқықтық саясаттағы ұстанымдарын көрсетеді.

1. Инвестициялық заңнаманың бастапқы кезеңі 1990 жылғы 7 желтоқсанда қабылданған «Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы» Заңнан басталады. Бұл заң сол кезең үшін шетелдік капиталды тартудың құқықтық негізін қалыптастырған алғашқы арнайы акт болды.

Онда шетелдік инвестициялардың құқықтық режимі, инвесторлардың мүліктік мүдделерін қорғау және белгілі бір кепілдіктер көзделді. Кейін бұл заң

күшін жойғанымен, ол Қазақстандағы инвестициялық заңнаманың тарихи бастау нүктесі ретінде маңызды рөл атқарды.

Бұл кезеңнің ерекшелігі – құқықтық реттеудің негізінен шетелдік инвесторлардың мәртебесін айқындауға және оларға ең бастапқы кепілдіктер беруге бағытталуында болды. Яғни мемлекет алдымен инвестицияны тартудың ең аз құқықтық алғышарттарын қалыптастыруға ұмтылды. Мұндай тәсіл өтпелі экономика жағдайында түсінікті болды. Өйткені сол кезеңде құқықтық жүйе толық қалыптаспаған еді. Ал инвестициялық қызметті арнайы реттеу тетіктері енді ғана пайда бола бастады.

2. Келесі кезең 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Шетелдік инвестициялар туралы» Заңымен байланысты. Бұл заң тәуелсіз Қазақстан жағдайында шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі құқықтық және экономикалық негіздерін бекітті. Оның басты міндеті инвесторларға құқықтық кепілдіктер беру. Олардың қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және Қазақстан экономикасына шетел капиталын белсенді тарту болды. Яғни, 1994 жылғы заң инвестициялық қызметті құқықтық тұрғыдан институционалдандырудың алғашқы толыққанды кезеңін білдірді.

1994 жылғы заңның қабылдануы инвестициялық саясаттың жай декларативті деңгейден неғұрлым нақты құқықтық режимге көше бастағанын көрсетті. Бұл кезеңде инвестор үшін тұрақтылық кепілдігі, құқықтық қорғалу, меншік мүдделерінің сақталуы және қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі аса маңызды болды.

Сондықтан осы заң мемлекеттің шетел капиталын тек қабылдауға дайын екенін ғана емес, оны белгілі бір құқықтық тәртіппен қорғауға да мүдделі екенін танытты.

1997 жылғы 28 ақпандағы «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң инвестициялық заңнаманың дамуындағы келесі маңызды кезең болды. Бұл акт бұрынғы жалпы кепілдіктер үлгісінен белгілі бір басым секторларға бағытталған мемлекеттік қолдау үлгісіне көшуді көрсетті.

Осы кезеңнен бастап инвестициялық заңнамада мемлекеттік қолдау, преференциялар, басым қызмет түрлері және инвестициялық контракт ұғымдарының рөлі күшейді. Демек, мемлекет тек инвестицияларды қорғаумен шектелмей, оларды арнайы ынталандыру саясатын да қалыптастырды.

Аталған кезеңнің мәні мемлекет инвестициялық саясатты неғұрлым белсенді жүргізе бастағанынан көрінді. Егер бұрын құқықтық реттеу негізінен инвесторларға кепілдік беруге бағытталса, енді мемлекет инвестицияларды өзі үшін тиімді салаларға бағыттау, басым жобаларды ынталандыру және белгілі бір экономикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатын қойды.

Бұл инвестициялық құқықтық реттеудің қолданбалы сипатын күшейтті және экономикалық саясат пен құқықтық тетіктердің өзара байланысын айқындады.

3. Сонымен бірге 2003 жылғы 8 қаңтарда қабылданған «Инвестициялар туралы» Заң инвестициялық заңнаманың келесі жүйелеуші кезеңі болды.

Бұл заң бұрынғы екі негізгі бағытты, яғни шетелдік инвестициялар режимін және тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау тетіктерін бір құқықтық кеңістікке біріктірді. Онда инвестиция ұғымы, инвесторлардың құқықтары, мемлекеттік кепілдіктер, преференциялар, инвестициялық дауларды шешу мәселелері неғұрлым тұтас түрде реттелді.

Осылайша, бұл заң инвестициялық реттеуді бытыраңқы үлгіден біршама жинақталған үлгіге көшіруге мүмкіндік берді. Кейін Кәсіпкерлік кодекс қабылданғаннан кейін аталған заңның күші жойылды.

2003 жылғы заңның маңызды ерекшелігі – инвестициялық қатынастарды реттеуді белгілі бір дәрежеде жүйелеп, оны неғұрлым тұрақты үлгіге жақындатуында болды.

Бұл кезеңде инвестициялық құқықтық режим жалпы сипаттағы кепілдіктерді. Мемлекеттік қолдау шараларын және инвесторлардың мәртебесіне қатысты негізгі ережелерді бір акт шеңберінде біріктірді. Осы тұрғыдан алғанда аталған заң кейінгі кодификацияланған үлгіге өту үшін құқықтық негіз дайындады.

4. Қазіргі кезең 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен байланысты.

Бүгінде «инвестициялық қызметтің негізгі құқықтық базасы осы Кодексте шоғырланған. Ал инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері оның 25-тарауында» [17] реттеледі. Кодексте инвестициялық преференциялар, инвестициялар туралы келісімдер, инвестициялық дауларды шешу тәртібі және инвестициялық омбудсмен институты көзделген.

Осылайша, қазіргі құқықтық үлгінің басты ерекшелігі – инвестициялық қызметтің дербес арнайы заңмен емес, кәсіпкерлік заңнама жүйесінің құрамында реттелуі болып саналады.

Бұл шешімнің құқықтық және практикалық маңызы зор.

Бір жағынан, инвестициялық қызметті кәсіпкерлік қызметтің ерекше бағыты ретінде қарастыру заңнаманы жүйелеуге, қайталанатын нормаларды қысқартуға және құқықтық реттеуді бір кодекс аясында шоғырландыруға мүмкіндік берді.

Екінші жағынан, мұндай үлгі инвестициялық қатынастарды реттеуді кеңірек кәсіпкерлік орта контексінде қарастыруды талап етеді. Нәтижесінде инвестициялық жоба көбіне тек инвестициялық нормаларға ғана емес, кәсіпкерлік, азаматтық, әкімшілік және өзге де салалық талаптарға бір мезгілде бағынады.

Кәсіпкерлік кодекс инвестициялық қызметтің базалық құқықтық актісі болғанымен, қазіргі құқықтық негіз тек онымен шектелмейді. Оны іске асыратын көптеген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер бар.

Атап айтқанда, «инвестициялар туралы келісімдерді жасасу, өзгерту және бұзу қағидалары бекітілген. Бұл қағидалар инвестициялар туралы келісімдерге

байланысты рәсімдердің нақты тәртібін айқындайды және уәкілетті орган мен инвестор арасындағы құқықтық байланыстарды рәсімдеуге» [18] бағытталған.

Бұл ретте заңға тәуелді актілердің рөлі өте маңызды. Өйткені олар заңда белгіленген жалпы нормаларды нақты рәсімдерге айналдырады.

Практикада инвестор үшін мәселе көбіне құқықтың жалпы қағидасында емес. Қағиданы іске асырудың нақты тәртібінде туындайды. Құжаттарды тапсыру, қарау мерзімдері, қорытынды әзірлеу, келісу тәртібі, уәкілетті органдардың құзыреті және рәсімдік талаптар – осының барлығы инвестициялық жобаның қозғалысына тікелей әсер етеді.

Сондықтан заңға тәуелді актілер инвестициялық қызметтің нақты әкімшілік архитектурасын қалыптастырады деуге болады.

Қазіргі құқықтық үлгінің маңызды элементтерінің бірі – «инвестициялық омбудсмен институты. Бұл институт Кәсіпкерлік кодексте көзделген және инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған» [17]. Кейін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру аясында инвестициялық омбудсмен функцияларын ҚР-дың Бас Прокуроры жүзеге асыратыны белгіленді [19]. Бұл өзгеріс инвестициялық құқықтық режимнің қазіргі кезеңде құқық қорғаушылық құрамдасы күшейтілгенін көрсетеді.

Инвестициялық омбудсмен институтының мәні тек консультативтік араласуда емес, инвестор мен мемлекеттік аппарат арасындағы проблемаларды құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан шешуге жәрдемдесуде жатыр. Оның Бас Прокурор деңгейімен байланыстырылуы – бұл институттың мәртебесін формальды үйлестіру тетігінен неғұрлым пәрменді қорғау құралына жақындатты.

Мұндай өзгеріс инвестициялық қызмет саласында заңдылық пен құқықтық кепілдіктерге ерекше мән беріліп отырғанын білдіреді.

Осылайша, қазіргі уақытта инвестициялық қызметтің құқықтық негізін бірнеше деңгейге бөлуге болады.

Бірінші деңгей – Кәсіпкерлік кодекс сияқты негізгі кодификацияланған акт.

Екінші деңгей – инвестициялар туралы келісімдер жасау қағидалары мен «бір терезе» қағидалары сияқты арнайы рәсімдік актілер.

Үшінші деңгей – инвесторлардың құқықтарын қорғауға және мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыруға байланысты актілер.

Төртінші деңгей – халықаралық шарттық база. Өйткені Қазақстан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы халықаралық келісімдердің қатысушысы болып табылады.

Халықаралық шарттық база инвестициялық қызметтің құқықтық режимінде ерекше орын алады. Қазақстанның шетелдік инвесторлармен өзара қатынастары тек ішкі заңнамамен ғана емес, халықаралық міндеттемелермен де айқындалады. Бұл мемлекеттің инвестициялық беделі мен құқықтық сенімділігіне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар халықаралық шарттар ұлттық құқықты қолдану барысында қосымша жауапкершілік жүктейді. Өйткені ішкі деңгейде қабылданған әрбір әкімшілік немесе өзге де шешім халықаралық-құқықтық салдарға әкелуі мүмкін.

Оған қоса инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері тек инвестициялық заңнамамен шектелмейді. Бұл саладағы құқықтық реттеу кәсіпкерлік, азаматтық, әкімшілік, жер, салық, кеден, экологиялық және процестік заңнаманың өзара байланысқан нормалары арқылы жүзеге асырылады.

Мұндай көпдеңгейлі құқықтық реттеу, бір жағынан, инвестициялық қызметті жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді. Ал екінші жағынан, құқық қолдану барысында қайшылықтар мен рәсімдік қиындықтардың туындауына әкелуі мүмкін.

Сондықтан инвестициялық қызметтің құқықтық негіздерін талдау тек нормативтік актілер тізбесін сипаттаумен шектелмеуі тиіс.

Инвестициялық жобаны іске асыру барысында инвестор бір мезгілде бірнеше құқық саласының талаптарымен бетпе-бет келеді.

Мысалы, жер учаскесін алу немесе оның нысаналы мақсатын өзгерту жер заңнамасымен байланысты болса, инфрақұрылымға қосылу және құрылысқа рұқсат алу әкімшілік және техникалық реттеу саласына жатады. Ал салықтық режим, кедендік рәсімдер немесе экологиялық талаптар өз алдына бөлек құқықтық блоктар арқылы реттеледі.

Сондықтан инвестициялық қызметтің құқықтық режимі формальды түрде бір салаға жатқызылғанымен, іс жүзінде ол кешенді сипатқа ие.

Инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері жеткілікті түрде қалыптасқанымен, оны іске асыру барысында негізгі қиындықтар әкімшілік кедергілер деңгейінде туындайды.

Әкімшілік кедергілер – инвестициялық жобаны іске асыруды негізсіз баяулататын, шығындарды ұлғайтатын, рәсімдерді күрделендіретін және инвестордың құқықтық айқындыққа деген сенімін әлсіретететін рәсімдер, талаптар, келісулер мен шешімдер жүйесін түсінуге болады.

Мұндай кедергілер көбіне құқықтық вакуумнан емес, керісінше, нормалардың көптігінен, олардың ведомствоаралық үйлесімінің әлсіздігінен және құқық қолданудың біркелкі болмауынан туындайды.

Әкімшілік кедергілердің ерекшелігі – олардың көп жағдайда заң мәтінінде емес, сол заңды іске асыру сатысында көрінуінде. Норма формальды тұрғыдан дұрыс құрылғанымен, практикада оны қолдану ұзақ мерзімге созылуы, бір-бірін қайталайтын келісулерге ұласуы немесе әртүрлі орган тарапынан әрқалай түсіндірілуі мүмкін.

Сондықтан инвестициялық құқықтық режимді бағалауда құқықтық нормалардың болу фактісі ғана емес, олардың іс жүзіндегі орындалу сапасы да шешуші мәнге ие.

Практикада әкімшілік кедергілердің ең жиі кездесетін түрлеріне рұқсат беру рәсімдерінің көпсатылылығы, келісу сатыларының шамадан тыс көбеюі, мемлекеттік сараптамалардан өту мерзімдерінің ұзақтығы, инженерлік инфрақұрылымға қосылудағы кідірістер, жер учаскелерін беру немесе олардың нысаналы мақсатын өзгерту рәсімдерінің күрделілігі, сондай-ақ әртүрлі органдар талаптарының өзара қайталануы жатады.

Осындай жағдайда инвестор үшін басты мәселе құқықтық негіздің мүлде болмауында емес, сол құқықтық реттеудің күрделі және көпқабатты сипат алуында көрінеді.

Әсіресе ірі инвестициялық жобаларда рәсімдердің ұзаққа созылуы жобаның құнын арттырып, оның экономикалық тиімділігін төмендетуі мүмкін. Уақытша кідірістер кейде тек ұйымдастырушылық қиындық болып көрінгенімен, іс жүзінде олар қосымша шығындарға, келісімдердің бұзылуына, мердігерлік процестердің баяулауына және инвестор сенімінің әлсіреуіне алып келеді.

Сондықтан әкімшілік кедергілерді тек техникалық мәселе ретінде емес, инвестициялық ахуалдың сапасын анықтайтын құқықтық-экономикалық фактор ретінде бағалау қажет.

Әкімшілік кедергілерді құқықтық табиғаты бойынша бірнеше топқа бөлуге болады.

Бірінші топ – заңнамалық деңгейдегі кедергілер. Бұған нормалардың күрделілігі, бір мәселенің бірнеше актімен реттелуі, терминологиялық бірізділіктің болмауы және рәсімдердің шамадан тыс егжей-тегжейлі немесе жеткіліксіз айқындалуы жатады.

Екінші топ – ведомстволық және ұйымдастырушылық кедергілер. Олар артық келісу сатылары, қосымша талаптар, құжаттарды формальды себептермен кері қайтару және ведомствоаралық үйлестірудің әлсіздігі арқылы көрінеді.

Үшінші топ – құқық қолдану практикасына байланысты кедергілер. Бұл жерде мәселе норманың өзінде емес, оны әртүрлі органның немесе әртүрлі өңірдің әрқалай түсіндіруінде жатыр.

Мұндай жіктеу әкімшілік кедергілерді жою шараларын да нақтылауға мүмкіндік береді. Егер мәселе заңнаманың өзінде болса, онда нормативтік түзетулер қажет. Егер мәселе ведомствоаралық ұйымдастыруда жатса, онда рәсімдерді қайта құру, жауапкершілікті нақты бөлу және цифрлық үйлестіруді күшейту керек. Ал егер кедергілер құқық қолданудың біркелкі еместігінен туындаса, онда түсіндіру жұмысы, бақылау және бірыңғай практика қалыптастыру алдыңғы қатарға шығады.

Қазақстан соңғы жылдары мұндай кедергілерді азайту үшін бірқатар құқықтық және институционалдық тетіктерді енгізді. Солардың бірі – инвесторларға қызмет көрсетудің «бір терезе» қағидаты. Оның мәні «инвестор мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды бір арнаға түсіруде, рәсімдерді

орталықтандыруда және әкімшілік жүктемені азайтуда жатыр. Алайда бұл механизмнің нақты тиімділігі ведомствоаралық жауапкершіліктің бөлінісіне, цифрлық интеграция сапасына және белгіленген мерзімдердің сақталуына тікелей тәуелді» [20].

Әкімшілік кедергілерді төмендетудің тағы бір бағыты – инвестициялық жобаларды жедел сүйемелдеу және инвесторлардың құқықтарын қорғаудың превентивтік тетіктерін күшейту.

Соңғы кезеңде бұл бағытта прокуратура органдарының рөлі едәуір артты. «Инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселесіне қатысты құқық қорғаушылық құрамдастың күшеюі, сондай-ақ инвестициялық омбудсмен функцияларының Бас Прокурормен байланыстырылуы осы үрдістің институционалдық көрінісі» [19] болып табылады.

Прокуратура органдарының инвестициялық саладағы қатысуы құқықтық базаның формальды болуымен шектелмей, оның нақты орындалуын қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетеді.

Мұндай тәсіл инвестор құқығын дауға дейінгі кезеңде қорғауға, негізсіз әкімшілік тосқауылдарды ертерек анықтауға және мемлекеттік органдардың шешім қабылдау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан қазіргі кезеңде инвестициялық қызметті құқықтық қамтамасыз ету тек экономикалық немесе әкімшілік реттеу мәселесі емес, сонымен бірге құқық қорғаушылық кепілдіктер жүйесімен де тығыз байланысты.

Бұл жерде маңыздысы – прокуратураның рөлі даулы жағдай туындағаннан кейін ғана әрекет етумен шектелмеуі. Қазіргі үлгіде оның мағынасы алдын алу, тәуекелді ерте анықтау және инвесторға теріс әсер ететін шешімдердің заңдылығын алдын ала бағалауда жатыр.

Осындай тәсіл инвестициялық қызметті құқықтық қорғаудың классикалық кейінгі бақылау үлгісінен неғұрлым белсенді превентивтік үлгіге жақындатады.

Инвестициялық саладағы әкімшілік кедергілердің бір бөлігі жер және инфрақұрылым мәселелерімен байланысты. Жер учаскесін беру, оның нысаналы мақсатын өзгерту, инженерлік желілерге қосылу, техникалық шарттар алу және коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету рәсімдері инвестор үшін ең күрделі кезеңдердің бірі болып қалып отыр.

Бұл жерде мәселе көбіне материалдық құқықта емес, рәсімдердің созылыңқылығында және әртүрлі мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігінде жатыр.

Жер және инфрақұрылым мәселелерінің күрделілігі инвестициялық жобаның нақты іске асырылу кезеңінде ерекше байқалады. Инвестор үшін жобаға құқықтық рұқсат беру жеткіліксіз, оған инженерлік қолжетімділік, коммуналдық қуат, көлік қатынасы және жер құқықтарының тұрақтылығы қажет.

Егер осы мәселелер уақытылы шешілмесе, жобаның құқықтық тұрғыдан мақұлдануы оның экономикалық тұрғыдан орындалатынын білдірмейді. Сондықтан бұл блоктағы әкімшілік кедергілер инвестициялық ахуалдың ең сезімтал көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

Кедергілердің тағы бір маңызды блогы – салықтық, кедендік және бақылау-қадағалау рәсімдері. Бұл саладағы артық тексерулер, талаптарды формальды түсіндіру, әкімшілік шараларды шамадан тыс қолдану және түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың бірізді шешімі болмауы – инвестициялық жобалардың шығынын арттырып, олардың тартымдылығын төмендетеді.

Сондықтан инвестициялық құқықтық режимнің тиімділігі тек преференциялар немесе кепілдіктер көлемімен емес, мемлекеттік аппараттың күнделікті әкімшілік практикасының сапасымен де бағалануға тиіс.

Салықтық және кедендік рәсімдердегі тұрақсыздық инвестор үшін қосымша құқықтық тәуекел туғызады. Әсіресе талаптарды әрқалай түсіндіру, құжаттарды бағалаудағы формализм және бақылау шараларының шамадан тыс қолданылуы жобаның жоспарланған қаржылық үлгіге елеулі әсер етуі мүмкін.

Мұндай жағдайда инвестордың құқықтық қорғалу деңгейі тек заңдағы кепілдіктермен емес, бақылаушы және әкімшілік органдар қызметінің сапасымен айқындалады.

Сот және әкімшілік практика да әкімшілік кедергілер мәселесінің өзектілігін жанама түрде растайды. Егер инвестор немесе кәсіпкер өз құқығын қорғау үшін жиі сотқа жүгінуге мәжбүр болса, бұл құқықтық нормалардың жеткілікті айқын еместігін немесе оларды қолдануда әкімшілік органдардың бірізділік танытпай отырғанын білдіреді.

- прокурормен тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды;
- тексеру жүргізу туралы шешімдерді;
- сотқа талап-арыздарды;
- шешімдерді келісу;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау;
- инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағымдану туралы шешімдерді келісу қағидасы бекітілді.

Бұл тетік инвестициялық қызметке елеулі ықпал етуге қабілетті мемлекеттік органдардың шешімдерін алдын ала бақылау және келісу рәсімдерінің жиынтығы болып табылады.

Оның негізгі мақсаты – инвесторларға негізсіз әкімшілік қысымның алдын алу және экономикалық саладағы қоғамдық және жеке мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Қағидалар:

- тыйым салу-шектеу шараларын қолдануды;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қозғауды;
- тексерулер жүргізуді;
- тиісті тізілімге енгізілген инвесторларға қатысты сотқа талап-арыздар беруді;
- бірқатар маңызды шешімдерді прокурормен келісу міндеттілігін белгілейді.

Бұл тәсіл мемлекеттік және квазимемлекеттік субъектілердің іс-әрекеттерінің заңдылығын алдын-ала бақылау тетігін институционализациялайды. Осылайша ерікті немесе пропорционалды емес шешімдер қабылдау қаупін азайтады.

Іс жүзінде прокурорлық сүзгі инвесторларды заңсыз араласудан қорғаудың қосымша кепілдігін қамтамасыз ететін құқықтық бағалаудың «екінші деңгейлі» құралы ретінде әрекет етеді.

Осы өкілеттіктерді іске асырудың рәсімдік аспектілері ерекше маңызға ие. Атап айтқанда, ережелер келісуге келіп түсетін материалдарды қарау тәртібін нақтылайды. Шешімдер қабылдаудың қысқартылған мерзімдерін белгілейді (оның ішінде қызметті тоқтата тұру сияқты аса сезімтал жағдайлар үшін жеделдетілген рәсімдер). Прокурордың ықтимал шешімдерінің толық тізбесін-келісуді немесе келісуден бас тартуды бекітеді. Бұл ретте шешім қабылдау кезінде ұсынылатын шаралардың:

- заңдылығы;
- негізділігі;
- олардың экономикалық орындылығы;
- экономика мен әлеуметтік тұрақтылық үшін ықтимал салдарлар сияқты критерийлер ескеріледі.

Сонымен қатар ережелер прокурорлардың тексерулерге бастамашылық жасау, заңсыз актілердің күшін жою және прокурорлық ден қою шараларын қолдану бөлігінде кең қадағалау өкілеттіктеріне ие екендігін көздейді.

Бұл ретте кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексеру жүргізуге арнайы негіздер болған кезде не прокуратураның жоғары лауазымды адамдарының келісімімен ғана жол беріледі. Бұл бизнес-қызметке өз бетінше араласу мүмкіндігін шектейді. Бұл тәсіл прокуратураның бұзушылықтарды анықтауға ғана емес, олардың алдын алуға да бағытталған профилактикалық функциясын күшейтеді.

Қарастырылып отырған ережелер алдын ала бақылау, қадағалау және үйлестіру элементтерін біріктіретін инвесторларды қорғаудың кешенді құқықтық тетігін қалыптастырады.

Оларды іске асыру:

- мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға;
- әкімшілік кедергілерді азайтуға;
- инвесторлар тарапынан сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Ұзақ мерзімді келешекте бұл құқық қолдану практикасының заңдылығы, болжамдылығы және әділдігі қағидаттарына негізделген тұрақты инвестициялық ахуалды қалыптастыруға жағдай жасайды.

Айта кету керек, 2026 жылғы 27 ақпанда Ашық НҚА интернет-порталында инвестициялық қызметтегі тұрақты кедергілерді анықтау және жою тетіктерін институционализациялауға бағытталған «жүйелік проблемалар тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР Бас прокуратурасы бұйрығының жобасы орналастырылды.

Аталған жоба жүйелі сипаттағы проблемаларды есепке алуға, талдауға және кейіннен шешуге бірыңғай тәсілді енгізуді көздейді. Бұл мемлекеттің инвесторлармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға және тұтастай алғанда инвестициялық ахуалды жақсартуға ұмтылысын көрсетеді.

Жоба тұжырымдамалық аппаратты анықтауды, проблемаларды жүйелік санатқа жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды қарау және тиісті тізілімге енгізу рәсімдерін қоса алғанда, құқықтық реттеудің негізгі элементтерін бекітеді.

Шешімдерді қабылдаудың нақты мерзімдері, өзектендіру және проблемаларды жою тетіктері белгіленеді. Тізілімнің серпінділігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл қолданыстағы кедергілерді жазып қана қоймай, олардың эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың инвестициялық ортаның өзгеретін жағдайларына уақытылы жауап беруін қамтамасыз етеді.

Жүйелік проблемалардың тізілімін инфрақұрылымда Ұлттық ақпараттық технологиялар орталығын орналастыру көзделіп отыр. Оның қолжетімділігін және өзге де мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялануын қамтамасыз етеді.

Тізілімнің функционалдық мақсаты – талдамалық жұмыс жүргізу, үлгілік проблемаларды анықтау және оларды ведомствоаралық деңгейде жою жөніндегі шараларды үйлестіру үшін жинақталған деректерді пайдалану.

Осылайша инвесторлардың өтініштеріне фрагменттік ден қоюдан тәуекелдер мен кедергілерді жүйелі басқаруға көшуге мүмкіндік беретін орталықтандырылған тетік құрылады.

Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер кешенді сипатта болады. Ұйымдастырушылық аспектіде инвесторлардың өтініштерімен жұмыстың ашықтығын арттыру және қайталанатын проблемалық жағдайлардың санын азайту көзделеді.

Құқықтық өлшемде – «заңнамадағы олқылықтарды жоюға жүйелі тәсілді қалыптастыру және құқық қолдану практикасының сапасын арттыру. Әлеуметтік-

экономикалық әсер инвестициялық климаттың жақсаруымен және бизнес үшін әкімшілік кедергілердің төмендеуімен көрінеді» [58].

Заңға бағынатын бизнесті негізсіз қудалаудан қорғау қадағалау қызметінің басымдығы болып табылады. Осыған байланысты «прокурорлар кәсіпкерлерге қатысты сотқа дейінгі тергеулерге ауқымды тексеру жүргізді. Нәтижесінде экономика саласындағы 360-тан астам қылмыстық іс тоқтатылды. Жаңа «қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық» прокурорларды бизнеске қарсы әрбір тергеудің басталуының заңдылығын 1 тәулік ішінде тексеруге міндеттейді. Бұл шаралар кәсіпкерлерге қарсы қозғалған істердің санын 2,5 есеге азайтуға мүмкіндік берді» [59].

2025 жылы ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша жауапкершілік субъектілерінің шеңбері кеңейтілді. Мәселен, ҚР ӘҚБтК-нің 173-бабы «кәсіпкерлер мен инвесторлардың қызметіне заңсыз араласқаны үшін лауазымды адамдардың жауапкершілігін белгілейді. Енді ол тек мемлекеттік органдарға ғана емес, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен табиғи монополияларға да қатысты» [60].

Заңнамалық базаның болуына қарамастан, тәжірибе «шенеуніктердің «жазасыздық» проблемасын көрсетеді. Мәселен «2023 жылы прокурорлар 2,5 мыңнан астам заңсыз әрекеттің күшін жойды, алайда ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тек 121 адам тартылды» [61].

Сонымен қатар, прокуратура қызметінде бақылаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін, АТ-технологияларды белсенді енгізумен сипатталады.

1. «ТСОБТ» АЖ (тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі). Жоба тәуекелдерді бағалау жүйесін автоматтандыруға және заңсыз тексерулерді тағайындауды болдырмауға бағытталған.

2. «Кәсіпкерлерге арналған Qamqor» мобильді қосымшасы:

- инвесторларға тексерулерді тіркеу туралы хабарлама алуға;
- тексерушілердің талаптарымен танысуға;
- олардың әрекеттеріне жедел шағымдануға мүмкіндік береді.

3. «Прокурорлық сүзгі» АЖ – шектеу шараларын келісу кезінде мемлекеттік органдардың прокуратурамен цифрлық өзара іс-қимылына арналған ақпараттық жүйе. Ол нақты уақыт режимінде қабылданатын шешімдердің заңдылығын автоматтандырылған бақылауды қамтамасыз етеді.

Қағидалардың 36-тармағы «прокурордың тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап-арыздарды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімін келісуден бас тартуға шағымдану Азаматтық процестік кодекстің 8-бабы 7-бөлігіне сәйкес инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты дауды сотқа дейінгі реттеу жөніндегі міндеттерді белгілейді» [58].

Алайда Азаматтық процестік кодекс те, ережелер де осы міндетті тәртіпті сақтамаудың салдарын нақты көрсетпейді. Азаматтық процестік кодекстің 151-бабына сәйкес, «процестік құқықта дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамау талап арызды қайтару немесе оны қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады» [61]. Бұл Ережелерде белгіленген арнайы санкция емес, жалпы рәсімдік салдар болып табылады.

Сонымен қатар, сот өз бастамасымен прокурордың келісімін тексере ала ма? Егер талап келісімсіз берілсе, бірақ жауапкер (инвестор) бұл қарсылықты айтпаса, сот қалай әрекет етуі керек? Осы мәселе түсініксіз болып қалып отыр.

Қағидалардың 31-тармағында «прокурор келісуден бас тартқан тексеру туралы шешімдер ҚСжАЕК органдарында тіркелуге жатпайтыны айтылған. Бұл тұжырым елеулі құқықтық қайшылықты тудырады. Қағида прокурор келісуден бас тартқан жағдайлар туралы ғана айтады. Бірақ егер мемлекеттік орган шешімді келісуге мүлде жібермесе немесе шешім жіберілсе, прокурор оны қарастырмаса (мерзімдерін бұзса) немесе тексеру келісілгенге дейін жүргізілсе не болады? Қағидада көрсетілген мәселелер бойынша алшақтық бар. ҚСжАЕК органдарында тіркеудің болмауы, әрине, тексеру жүргізуге кедергі келтіреді. Алайда келісусіз жүргізілген тексеру актісі ресми түрде жарамсыз деп танылмайды. Бұл іс жүзінде тексеру жүргізілген, акт жасалған, бірақ оның заңды күші белгісіз болып қалатын жағдайлар туындауы мүмкін» [58] дегенді білдіреді.

Сол сияқты, Қағидалардың 72-тармағы «жоғары тұрған прокурор не сот шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурор келіспеген деп танылатынын белгілейді. «Келісілмеген» термині – нормативтік мәртебе емес, сипаттамалық болып табылады. Қағидалар «келісілмеген» шешім жарамсыз немесе құқықтық салдар туғызбайды» [58] деп белгілемейді.

Сонымен қатар, 65-тармаққа сәйкес, «прокурор шешімді «келіскен жағдайда» лауазымды тұлға инвесторды хабардар етеді» [58] деп белгілейді. Кері жағдай – келісім болмаған кезде не болатыны шешілмеген.

Қағидалардың 2-тарауында (тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар) келісудің болмауының салдарына мүлде нұсқау жоқ. 17-тармақ «прокурордың келісу немесе келісуден бас тарту туралы жауап жіберетінін» [58] ғана айтады. Алайда мұндай шараларды келісусіз қолдану заңсыз болып табылатынын немесе мұндай шаралар күшін жоюға жататынын белгілемейді.

Құқық теориясы мен құқық қолдану практикасы тұрғысынан келісудің міндетті рәсімін бұза отырып қабылданған актілердің маңыздылығын немесе даулығын тікелей көрсетпеу осы бұзушылықтың құқықтық салдарының бұлыңғырлануына әкеледі. Келісу міндетінің өзі заңға тәуелді актілерде бекітілгеніне қарамастан, оны сақтамау автоматты түрде туындайтын заңды

салдармен бірге жүрмейді. Тиісті талаптардың императивті сипатын төмендетеді. Нәтижесінде, мемлекеттік органдар келісу рсімін шешім қабылдаудың заңды маңызды кезеңі ретінде емес, формальдылық ретінде қабылдай алады.

Прокуратурамен келісу бойынша шаралар қабылдамағаны үшін лауазымды тұлғалардың тікелей заңды жауаптылығының болмауы қосымша проблема болып табылады. ҚР-дың қолданыстағы ӘҚБтК-де прокурорлық сүзгінің талаптарын елемегені үшін жауаптылықты көздейтін әкімшілік құқық бұзушылықтың арнайы құрамы жоқ. Бұл дегеніміз, кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту тек жанама түрде, яғни заңнаманы бұзу туралы жалпы нормалар немесе тәртіптік тетіктер арқылы мүмкін болады. Құқықтық әсердің тиімділігін айтарлықтай төмендетеді.

Бұл олқылықтың практикалық салдары гетерогенді құқық қолдану практикасын қалыптастыру болып табылады. Кейбір жағдайларда прокуратура органдары қадағалап ден қою тәртібімен заңсыз актілердің күшін жоюға және инвесторлардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге қол жеткізеді.

Ал басқаларында мұндай бұзушылықтар тиісті құқықтық бағалаусыз қалады не елеулі кідіріспен жойылады. Актілерді жарамсыз деп тануда автоматизмнің болмауы сот жүйесіне және шағымдану рәсімдерін бастауға мәжбүр болған инвесторлардың өздеріне жүктемені арттырады. Олардың құқықтарын қорғауды жеңілдету және жеделдету мақсаттарына қайшы келеді.

Институционалдық тұрғыдан алғанда, бұл жағдай «прокурорлық сүзгі» тұжырымдамасын алдын-ала бақылау тетігі ретінде бұзады. Егер міндетті рәсімді сақтамау нақты бекітілген теріс салдарға әкеп соқпаса, онда оның мемлекеттік органдарға тәртіптік әсері азаяды.

Нәтижесінде сүзгі өзінің тиімділігінің бір бөлігін жоғалтады. Алдын ала бақылау құралынан кейінгі прокурорлық жауапқа байланысты элементке айналады.

Осылайша, заңнамада прокуратураның келісімінсіз қабылданған актілердің жарамсыздығы туралы тікелей нормалардың, сондай-ақ осы рәсімді елемегені үшін жауаптылықтың арнайы шараларының болмауы – нормативтік олқылықтың бар екендігін айғақтайды.

Оны жою:

- инвесторларды қорғау тетігінің тиімділігін арттыру;
- құқықтық сенімділікті қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдар қызметінде заңдылық қағидатын нығайту үшін қажетті шарт болып табылады.

Осыған байланысты:

1. ҚР Бас Прокурорының 2025 жылғы 18 наурыздағы №36 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес, инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап-арыздарды, әкімшілік құқық бұзушылық

туралы іс қозғау туралы шешімді прокурормен келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағымдану қағидаларын, келесі мазмұндағы 73-тармақпен толықтырылсын: «Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану, тексерулер жүргізу, прокурормен алдын ала келіспей инвесторға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау заңсыз болып табылады және мұндай шараларды жарамсыз деп тануға және іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғады».

2. ҚР ӘҚБтК-нің 173-бабы келесі мазмұндағы 3-бөлікпен толықтырылу: «Тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап-арыздарды, хабарламаны жіберу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы шешімді қабылдау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағымдану кезінде инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты уәкілетті органдардың келісімін алу туралы заңнаманың талаптарын орындамау – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» ұсынылады.

Осылайша, ҚР-дың прокуратура органдары инвесторлардың заңдылығы мен құқықтарын қорғаудың кепілі бола отырып, инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

«Прокурорлық сүзгі» тетігі енгізілді және ҚР-дың Бас прокуратурасы жүйесінде мамандандырылған орган құрылды. Нәтижесінде қазіргі заманғы нормативтік база мен институционалдық реформалар бұзушылықтардың алдын алуға және бизнеске әкімшілік қысымды төмендетуге бағытталған қорғаудың проактивті үлгісіне көшуді көрсетеді.

Мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға, негізсіз тексерулерді қысқартуға және ведомствоаралық үйлестіруді нығайтуға:

- алдын ала келісу рәсімдерін;
- цифрлық құралдар мен талдамалық тетіктерді енгізу ықпал етеді.

Аталған шаралар болжамды құқықтық ортаны қалыптастырады және инвесторлардың сенімін арттырады.

Алайда қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, прокуратураның келісімінсіз қабылданған актілердің жарамсыздығы туралы тікелей нормалар жетіспейді. Сондай-ақ «прокурорлық сүзгіні» елемегені үшін арнайы жауапкершілікті қоса алғанда, елеулі құқықтық олқылықтар сақталады.

Бұл кемшіліктерді жою құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудың және инвестициялық ахуалды одан әрі жақсартудың қажетті шарты болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің халықаралық және шетелдік тәжірибесін талдау барысында, қазіргі халықаралық инвестициялық құқық – мемлекет пен инвестордың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді және қарқынды дамып келе жатқан жүйе екені анықталды. Оның негізгі функциялары:

- инвестицияларды қорғау;
- инвестициялық белсенділікті ынталандыру;
- дауларды тиімді шешу болып табылады.

Халықаралық тәжірибені талдау сатысында, инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы заңнаманың болжамдылығын, әкімшілік рәсімдердің ашықтығын және сот жүйесінің тәуелсіздігін қоса алғанда, құқықтық ортаның сапасына тікелей байланысты екендігі айғақталды. Инвесторларды қорғаудың бірыңғай стандарттарын, оның ішінде әділ және тең құқықты режим, кемсітпеу және экспроприация кезінде өтемақы қағидаттарын қалыптастыратын халықаралық шарттар мен институттар маңызды рөл атқарады.

Әр түрлі құқықтық үлгілерді салыстырмалы талдау бірнеше тұрақты тәсілдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Батыс елдері заңның үстемдігіне, сот арқылы қорғалуына және әкімшілік бақылаудың дамыған тетіктеріне баса назар аударатынын көрсетті.

Азия мемлекеттері құқықтық реттеуді жоғары әкімшілік тәртіппен, цифрландырумен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен үйлестіретінін байқатты.

Посткеңестік кеңістіктегі елдер либералды реттеуден бастап мемлекеттің белсенді қатысуымен орталықтандырылған жүйелерге дейінгі әртүрлі үлгілерді көрсетті.

Инвестициялық заңнаманы дамытудың жалпы үрдістері:

- әкімшілік кедергілерді реттеу және азайту;
- мемлекеттік қызметтер мен рәсімдерді цифрландыру;
- инвесторларды қорғау кепілдіктерін күшейту;
- дауларды шешудің соттан тыс және баламалы тетіктерін дамыту;
- инвесторларды қорғау мен мемлекеттің реттеу құқығы арасындағы теңгерімді іздеу болып табылады.

Сонымен қатар адами факторлар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылының ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық шешімдерді енгізу ерекше маңызға ие.

Бұл ретте табысты реформалар, жекелеген елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, заңнаманы өзгертуді ғана емес, тиімді құқық қолдану практикасын да қалыптастыру талап етеді.

Осылайша халықаралық тәжірибе тиімді инвестициялық саясат құқықтық кепілдіктердің, институционалдық тұрақтылықтың және бизнесті қорғау тетіктерін практикалық іске асырудың үйлесіміне негізделгенін растайды.

Қазақстан үшін әр түрлі үлгілердің үздік элементтері, оның ішінде дамыған сот тетіктері, әкімшілік тиімділік пен цифрландыруды интеграциялау үлкен қызығушылық тудырады.

ҚР прокуратура органдары қызметінің құқықтық негіздеріне жүргізілген талдау барысында, елдің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету жүйесінде шешуші орын алатынын көрсетті.

Қазақстанның қазіргі инвестициялық саясаты:

- макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақтылығын;
- цифрлық мемлекеттік басқарудың дамуын;
- институционалдық ортаның белсенді жетілуін сипаттады.

Бұл процесте бизнесті жоғары қадағалау, үйлестіру және профилактикалық қорғау функцияларын жүзеге асыратын прокурорлар маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары бұзушылықтарды жоюға ғана емес, олардың алдын алуға да бағытталған прокурорлық қадағалаудың проактивті үлгісі қалыптасты. Проактивті үлгінің негізгі элементі – инвесторлардың қызметін шектеуге қабілетті мемлекеттік органдардың шешімдерін міндетті түрде келісуді қамтамасыз ететін «прокурорлық сүзгі» тетігі болды. Оны енгізу:

- әкімшілік қысым деңгейін едәуір төмендетуге;
- қабылданатын шешімдердің дұрыстығын арттыруға;
- бизнестің мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға мүмкіндік берді.

Қадағалау, талдау және үйлестіру функцияларын орындайтын, Бас прокуратура жанынан құрылған Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті қосымша институционалдық қадам болды. Қызметінің маңызды бағыты – инвесторлардың жүйелік проблемаларының тізілімін қалыптастыру болып табылады.

Прокурорлық қадағалауды цифрландыру бизнеспен өзара іс-қимылдың ашықтығы мен жеделдігін едәуір арттырды. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, құқық қолдану практикасын талдау барысында:

- прокуратурамен келісу рәсімін сақтамағаны үшін тікелей құқықтық салдардың жоқтығы;
- келісусіз қабылданған шешімдердің мәртебесінің белгісіздігі;
- «прокурорлық сүзгі» талаптарын елемегені үшін лауазымды тұлғалардың арнайы жауапкершілігінің жоқтығы анықталды.

Аталған кемшіліктер қолданыстағы тетіктердің тиімділігін төмендетеді. Біркелкісіз құқық қолдану практикасына, соттарға жүктеменің ұлғаюына және инвесторлар үшін қосымша шығындарға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты прокуратураның келісімінсіз қабылданған актілерді жарамсыз деп тануға, сондай-ақ осы талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты енгізуге бағытталған ұсынымдар әзірленді.

ҚР прокуратура органдарының қызметі алдын алу, ашықтық және құқықтық сенімділік қағидаттарына негізделген инвестициялық реттеудің қазіргі заманғы үлгісіне көшуді көрсетті. Заңнаманы одан әрі жетілдіру және анықталған олқылықтарды жою – инвестициялық ахуалды нығайтудың және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды шарты болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1 Абдрасулов Е.Б., Агубаева А.М. Организационно-правовые формы совершенствования защиты прав инвесторов в Республике Казахстан // Международный научный журнал «Инновационная наука». – 2016. – №11(3). – С.80-82.

2 Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы №1042 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001042 (жүгінген күні: 30.03.2026).

3. Сарпеков Р.К., Дюсенов Е.А. Правовое регулирование инвестиций в малый и средний бизнес: опыт Республики Казахстан // Журнал российского права. – 2020. – №1. – С.43-55.

4. Economic forecasts for Kazakhstan. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.adb.org/where-we-work/kazakhstan/economy (жүгінген күні: 30.03.2026).

5. Казахстан улучшил свою позицию в рейтинге глобальной конкурентоспособности. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-roma/press/news/details/1047534 (жүгінген күні: 30.03.2026).

6. Зубкова Л.Д. Методы оценки инвестиционного климата региона // Вестник Тюменского государственного университета. – 2005. – №4. – С.15-21.

7. Литвинова В.В. Инвестиционная привлекательность и инвестиционный климат региона: к вопросу о дефинициях и оценке // Финансы: теория и практика. – 2014. – №1. – С.139-152.

8. Хисматулов И.Р., Игнатьева О.А. Особенности инвестиционного климата России на современном этапе // Russian Journal of Education and Psychology. – 2012. – №1. – С.1-8.

9. Джиоев В.А. Сущность и взаимосвязь понятий инвестиционной привлекательности и инвестиционного климата регионов // Вестник ГУУ. – 2020. – №3. – С.118-122.

10. OECD (2023), Анализ делового климата в Казахстане, OECD Publishing, Paris. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.oecd.org/ru/publications/ccc8cf0c-ru.html (жүгінген күні: 30.03.2026).

11. 2025 жылғы қаңтар-қазандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://stat.gov.kz/upload/iblock/ec5/p0z2y000sxwd3vm9bxhvbqhx5201c1jc/%D0%92-06-01-%D0%9C%20(10%202025)%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf (жүгінген күні: 30.03.2026).

12. Доклад о торговле и развитии – 2025 год. На грани: торговля, финансы и перестройка мировой экономики // Обзор: издание ООН. – 2025. – 48 с.
13. Об инвестициях в основной капитал в Республике Казахстан (январь-декабрь 2025г.). [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/280551/ (жүгінген күні: 30.03.2026).
14. Прямые иностранные инвестиции в Казахстан. Итоги 9 месяцев 2025 года. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-skopje/press/news/details/1136044?lang=ru&ysclid=mkay6fd210549341266 (жүгінген күні: 30.03.2026).
15. Участники МФЦА / годовой обзор, 2025. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://aifc.kz/wp-content/uploads/2026/03/aifc-participants-annual-2025-rus.pdf (жүгінген күні: 30.03.2026).
16. Национальная цифровая инвестиционная платформа. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://investkz.gov.kz/ (жүгінген күні: 30.03.2026).
17. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375 (жүгінген күні: 10.04.2026).
18. Инвестициялар туралы келісімдерді жасасу, өзгерту және бұзу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2023 жылғы 17 наурыздағы №11-1-4/113 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032095 (жүгінген күні: 10.04.2026).
19. Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы №1125 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001125 (жүгінген күні: 10.04.2026).
20. Инвесторлар үшін «бір терезені» ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №11-1-4/327 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001125 (жүгінген күні: 10.04.2026).
21. Кодирзода Ф.А. Иностранные инвестиции в эпоху глобализации мировой экономики // Вестник Таджикского национального университета. Серия социально-экономических и общественных наук. – 2022. – №3. – С.21-27.
22. Соловьева А.В. Международно-правовые доктрины инвестиционного права: 12.00.10 – диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Москва. – 2020. – 526 с.

23. Фархутдинов И.З. Международное инвестиционное право: доктринальные проблемы. // Московский журнал международного права. – 2009. – №4. – С.163-182.
24. Яннова Е.В., Ахмедьянова Р.Г., Бикташева Г.Р. Правовой режим и защита иностранных инвестиций // Интерактивная наука. – 2021 – №5(60). – С.134-135.
25. Алексеенко А.П. Инвестиционное право: учебное пособие. Владивостокский государственный университет экономики и сервиса. – Владивосток: Изд-во ВГУЭС, 2019. – 132 с.
26. Гуляев Т.Н. Правовые механизмы защиты прав инвесторов в условиях конкуренции международного и национального законодательства // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2025 – №10. – С.115-120.
27. Convention on the Settlement of Investment Disputes between States and Nationals of Other States (Washington, 1965). [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://treaties.un.org/pages/showDetails.aspx?objid=080000028012a925 (жүгінген күні: 12.04.2026).
28. Попов Р.О., Татаренко Л.Ю. К вопросу о деятельности Всемирного Банка. Стратегия социально-экономического развития общества: управленческие, правовые, хозяйственные аспекты // Сборник научных статей 10-й Международной научно-практической конференции. В 2-х томах, Курск, 26-27.11.2020 г. Том 2. – Курск: Юго-Западный государственный университет. – 2020. – С.98-101.
29. Худякова Л.С., Сидорова Е.А. Многосторонние банки развития в полицентричном мире // Мировая экономика и международные отношения. № 10 Т. 68. 2024. - С. 17-26.
30. UNCTAD. World Investment Report International investment in the digital economy. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2025_en.pdf (жүгінген күні: 12.04.2026).
31. OECD. Codes of Liberalisation of Capital Movements. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/topics/policy-issues/investment/Code-capital-movements-EN.pdf (жүгінген күні: 12.04.2026).
32. Чугуевская Е.В. Развитие международного инвестиционного права в рамках евразийского экономического союза // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2021. – №3(37). – С.77-81.
33. UN General Assembly Resolution 1803 (XVII) «Permanent Sovereignty over Natural Resources», 1962. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/general-assembly-resolution-1803-xvii-14-december-1962-permanent (жүгінген күні: 12.04.2026).
34. Dolzer R., Schreuer C. Principles of International Investment Law. Oxford University Press; Newcombe A., Paradell L. Law and Practice of Investment Treaties. Kluwer Law International. – 2022. – pages 221.

35. Administrative Procedure Act // ADMINISTRATIVE PROCEDURE ACT Department of Justice. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.justice.gov/sites/default/ files/jmd/legacy/2014/05/01/act-pl79-404.pdf (жүгінген күні: 12.04.2026).
36. Макеев Д.А. Малый бизнес в Великобритании // Современная Европа. – 2003. – №2(14). – С.72-79.
37. Закон об иностранных инвестициях вступил в силу в Китае. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://russian.news.cn/2020-01/01/c_138671806.htm (жүгінген күні: 12.04.2026).
38. Chen, D. (2023). Pre-establishment National Treatment and Negative List Model: From BIT Negotiations to Negative List of Shanghai Pilot Free Trade Zone. In: Li, X., Yuan, C., Kent, J. (eds) Proceedings of the 6th International Conference on Economic Management and Green Development. Applied Economics and Policy Studies. Springer, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-19-7826-5_76
39. China launches pilot program for foreign investment reporting to support expansion. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://english.shanghai.gov.cn/en-Editorspick-DoBusiness/20250627/681d8dba0bfa49c1ab80d723a1e3b277.html (жүгінген күні: 12.04.2026).
40. Julian G. Ku, Enforcement of ICSID Awards in the People's Republic of China, 6 Contemp. Asia Arb. J. 31(2013). - pages 19.
41. Новое корпоративное право и правила трансграничных инвестиций (2025 г.), том 36. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.huiyelaw.com/news-4057.html (жүгінген күні: 12.04.2026).
42. Significant Investments Review Act 2024 (No. 1 of 2024). Republic Of Singapore. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://sso.agc.gov.sg/Act/SIRA2024 (жүгінген күні: 12.04.2026).
43. Streamlined experiences for citizens and businesses. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.tech.gov.sg/about-us/what-we-do/our-digital-government-efforts/user-and-business-journeys/#228dd763183c822649fa451eed526760 (жүгінген күні: 12.04.2026).
44. Налоги в ОАЭ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.finestgroup.ru/page_info.php?pages_id=18 (жүгінген күні: 12.04.2026).
45. Georgia Country Commercial Guide. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.trade.gov.http.akamai-trials.com/country-commercial-guides/georgia-digital-economy (жүгінген күні: 12.04.2026).
46. Правительство Армении одобрило закон о равных условиях для местных и иностранных инвесторов. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://arka.am/news/economy/pravitelstvo-armenii-odobrilo-zakon-o-ravnykh-usloviyakh-dlya-mestnykh-i-inostrannykh-investorov/ (жүгінген күні: 12.04.2026).

47. Депутат предложил изменить законодательство для защиты розничных инвесторов. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.pnp.ru/economics/deputat-predlozhil-izmenit-zakonodatelstvo-dlya-zashhity-roznichnykh-investorov.html?utm_source=rfinance (жүгінген күні: 12.04.2026).
48. Резиденты белорусских СЭЗ рассказали о ключевых барьерах ведения деятельности. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://primepress.by/news/kompanii/rezidenty_belorusskikh_sez_rasskazali_o_klyuchevykh_barerakh_vedeniya_deyatelnosti_opros-51721/ (жүгінген күні: 12.04.2026).
49. Казахстан в лидерах ЦА по привлечению инвестиций в экономику. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://kz.kursiv.media/2025-12-23/kazahstan-v-liderah-cza-po-privlecheniyu-investiczij-v-ekonomiku/ (жүгінген күні: 12.04.2026).
50. World Competitiveness Center. Rankings out of 69 countries 2025. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.imd.org/centers/wcc/world-competitiveness-center/rankings/world-competitiveness-ranking/rankings/wcr-rankings/#_tab_List (жүгінген күні: 12.04.2026).
51. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы №868 қаулысы. (Күші жойылды) [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000868#z15 (жүгінген күні: 12.04.2026).
52. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №1185 қаулысы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500001185 (жүгінген күні: 12.04.2026).
53. Bazarbayev A., Karatayeva A. Issues of settlement of investment disputes between the Republic of Kazakhstan and individuals or legal entities of other states. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. – 2024. – №148(3). – С.75-88.
54. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000 (жүгінген күні: 21.05.2026).
55. Прокуратура туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы №155-VII ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155 (жүгінген күні: 21.05.2026).
56. Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000542 (жүгінген күні: 21.05.2026).

57. 675 незаконных проверок инвесторов пресекли через «прокурорский фильтр» в Казахстане. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://kaztag.kz/ru/news/675-nezakonnykh-proverok-investorov-presekli-cherez-prokurorskiy-filtr-v-kazakhstane (жүгінген күні: 21.05.2026).
58. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Инвесторлардың жүйелі проблемаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қағидаларын бекіту туралы бұйрығының жобасы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15772893 (жүгінген күні: 21.05.2026).
59. Генпрокуратура прекратила в отношении предпринимателей 360 уголовных дел. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.kt.kz/rus/ekonomika/genprokuratura_prekratila_v_otnoshenii_predprinimateley_1377945632 (жүгінген күні: 21.05.2026).
60. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235# (жүгінген күні: 21.05.2026).
61. Генпрокуратура РК отменила более 2 500 штрафов, которые незаконно получили бизнесмены. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://kz.kursiv.media/2023-08-04/mtww-shtraf/ (жүгінген күні: 21.05.2026).
62. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377 (жүгінген күні: 21.05.2026).

Қосымша 1

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы

Құқық қорғау органдары академиясы

АЛГОРИТМ

«Әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру»

Дайындаған: магистрант М.У. Мендигалиев

Атырау облысы прокуратурасы

Атырау, 2026

Осы алгоритм «Әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру» тақырыбындағы магистрлік диссертациялық зерттеудің нәтижелері негізінде әзірленді және оларды практикалық қызметке енгізуге бағытталған.

Алгоритмнің мақсаты – инвестициялық қызмет саласында туындайтын әкімшілік кедергілерді жүйелі түрде айқындау, оларды құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан бағалау, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратура органдарының қатысуымен оларды төмендету жөніндегі дәйекті іс-қимылдар тізбегін қалыптастыру.

Алгоритм қолданбалы сипатқа ие болып, Қазақстан Республикасында инвестициялық саясатты іске асыру процесінде практикалық пайдалануға арналған. Ол диссертацияның құрылымына, атап айтқанда инвестициялық қызметтің экономикалық-құқықтық аспектілерін, ұлттық және салыстырмалы-құқықтық тәжірибені, сондай-ақ прокуратура органдарының инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз етудегі рөлін зерттеуге қайшы келмейді.

1-қадам. Инвестициялық қызмет саласындағы бастапқы жағдайды кешенді талдау.

Бұл кезеңде инвестициялық қызметтің жалпы жай-күйін объективті бағалау мақсатында экономикалық және құқықтық деректерді жинау және жүйелеу жүзеге асырылады.

Біріншіден, Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климаттың ағымдағы жай-күйі талданады. Ол үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің динамикасы, салалық және өңірлік құрылым, сондай-ақ инвестициялық белсенділік деңгейіне әсер ететін факторлар ескеріледі.

Екіншіден, инвестициялық жобаларды іске асыру барысында инвесторлардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауына байланысты қолданылатын әкімшілік рәсімдердің толық тізбесі қалыптастырылады. Аталған рәсімдерге рұқсат беру, келісу, сараптамадан өткізу, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу процестері жатады.

Бұл кезеңнің нәтижесі инвестициялық қызмет саласындағы нақты әкімшілік орта туралы бастапқы түсінік қалыптастыру болып табылады.

2-қадам. Әкімшілік кедергілерді айқындау және жүйелеу.

Бұл кезең инвестициялық қызметке теріс әсер ететін нақты әкімшілік тосқауылдарды анықтауға бағытталған.

Әкімшілік кедергілер ретінде инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімін негізсіз ұзартатын, қосымша шығындарға әкелетін немесе инвесторлардың құқықтық сеніміне нұқсан келтіретін рәсімдер мен талаптар қарастырылады. Оларға рәсімдердің көпсатылылығы, мерзімдердің шамадан тыс ұзақтығы,

қайталанатын талаптардың болуы, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі жатады.

Анықталған әкімшілік кедергілер құқықтық табиғаты бойынша жүйеленеді. Атап айтқанда, олар:

– заңнамалық деңгейдегі кедергілер (нормалардың күрделілігі, өзара қайшылықтары);

– ведомстволық деңгейдегі кедергілер (ішкі нұсқаулықтар, регламенттер);

– құқық қолдану практикасына байланысты кедергілер (әртүрлі түсіндіру, субъективті тәсілдер) болып бөлінеді.

Бұл кезең әкімшілік кедергілердің себептері мен шығу көздерін анықтауға мүмкіндік береді.

3-қадам. Инвестициялық қызметтің құқықтық негіздерін талдау.

Аталған кезеңде инвестициялық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық базаға талдау жүргізіледі.

Талдау барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Кәсіпкерлік кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 Жарлығы және өзге де салалық нормативтік-құқықтық актілер зерделенеді.

Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны инвестициялық қызметті жүзеге асырудағы әкімшілік рәсімдердің айқындылығы, құқықтық анықтылығы және болжамдылығы тұрғысынан бағаланады. Сонымен қатар құқық қолдану практикасының біркелкілігі мен әкімшілік шешімдердің негізділігіне назар аударылады.

Бұл кезеңнің мақсаты – әкімшілік кедергілердің құқықтық алғышарттарын айқындау және оларды жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау.

4-қадам. Халықаралық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық талдау.

Бұл кезеңде инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің халықаралық және шетелдік тәжірибесі зерттеледі.

Салыстырмалы талдау барысында әкімшілік рәсімдерді оңайлату, «бір терезе» қағидатын енгізу, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу институттарын дамыту және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру тәжірибесі қарастырылады.

Шетелдік тәжірибені талдау кезінде оны механикалық түрде көшіруге емес, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу мүмкіндіктеріне басымдық беріледі.

Бұл кезеңнің нәтижесі әкімшілік кедергілерді төмендетудің тиімді тетіктерін анықтау болып табылады.

5-қадам. Әкімшілік кедергілерді төмендету жөніндегі практикалық шараларды әзірлеу.

Аталған кезеңде алдыңғы талдау нәтижелері негізінде әкімшілік кедергілерді төмендетуге бағытталған нақты ұсынымдар қалыптастырылады.

Бұл ұсынымдар рұқсат беру және келісу рәсімдерін оңтайландыруды, әкімшілік рәсімдердің мерзімдерін қысқартуды, цифрлық сервистерді кеңінен қолдануды, сондай-ақ инвесторлар үшін құқықтық ақпараттың қолжетімділігін арттыруды қамтиды.

Ұсынымдар мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен қолданыстағы заңнама шеңберінде іске асырылуы тиіс.

6-қадам. Прокуратура органдарының қатысу тетігі.

Бұл кезеңде прокуратура органдарының инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықты қамтамасыз етудегі рөлі айқындалады.

Прокуратура органдарының негізгі міндеттері ретінде инвесторлардың құқықтарын қорғау, негізсіз әкімшілік кедергілерді анықтау, заңсыз шешімдер мен әрекеттерге уақтылы ден қою, сондай-ақ мемлекеттік органдарға әкімшілік рәсімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу қарастырылады.

Сонымен қатар инвестициялық дауларды сотқа дейінгі тәртіпте реттеуге жәрдемдесу прокуратура органдары қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

7-қадам. Алгоритмді енгізу және нәтижелілігін бағалау.

Бұл кезеңде әзірленген алгоритм практикалық қызметке енгізіледі және оның нәтижелілігі бағаланады.

Бағалау барысында әкімшілік рәсімдер мерзімдерінің қысқаруы, инвесторлардың шағымдарының азаюы, инвестициялық белсенділіктің артуы сияқты көрсеткіштер ескеріледі.

Алынған нәтижелер негізінде қажет болған жағдайда түзетуші шаралар қабылданады.

Осы алгоритм инвестициялық қызмет саласындағы әкімшілік кедергілерді жүйелі түрде төмендетуге бағытталған және магистрлік диссертациялық зерттеудің қорытындыларын практикалық қызметке енгізудің нақты тетігі болып табылады. Алгоритмді қолдану Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және мемлекеттік басқару тиімділігін күшейтуге ықпал етеді.

«**БЕКІТЕМІН**»
Атырау облысы
прокурорының орынбасары
_____ **Д.А. Жылангозов**
2026 жылғы «15» 03
м.о.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты (докторанты)
Мендигалиев Мерген Умирбекович

«Әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру» тақырыбы бойынша зерттеуінің нәтижелерін

енгізу актісі

Комиссия құрамы:
Төраға: Атырау облысы прокурорының орынбасары Д.А. Жылангозов
Комиссия мүшелері:

1. 3-Басқарма бастығының м.а. А.И. Изтаев
2. 1-Басқарма бастығы Е.Б. Байкісі

Осы актімен комиссия зерттеу жобасының материалдары әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру саласында Алгоритм түрінде практикалық қызметке енгізілгенін растайды.

Енгізу күні: 15.03.2026

Төраға: **Д.А. Жылангозов**

Комиссия мүшелері: **А.И. Изтаев**

Е.Б. Байкісі